

2013 жылы Жаңаарқа ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға несие түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының XV сессиясының 2013 жылғы 14 ақпандағы N 15/96 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 наурызда N 2225 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 25/159 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 25.12.2013 № 25/159 (оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2013 жылы Жаңаарқа ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына, өтініш берген сәтіне жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін өтініш берген сәтіне, маманмен мәлімделген сомада, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын, бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. Жаңаарқа аудандық мәслихатының II сессиясының 2012 жылғы 25 ақпандағы N 2/16 "2012 жылы Жаңаарқа ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме

жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға несие түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-12-124 болып тіркелген, 2012 жылғы 17 наурыздағы N 13-14 (9487) "Жаңаарқа" газетінде жарияланған), Жаңаарқа аудандық мәслихатының IX сессиясының 2012 жылғы 28 қыркүйектегі N 9/58 " Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 ақпандағы 2 сессиясының " 2012 жылы Жаңаарқа ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға несие түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" N 2/16 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1958 болып тіркелген, 2012 жылғы 3 қарашадағы N 49 (9521) "Жаңаарқа" газетінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет және аймақтық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс
XV сессиясының төрағасы Ж. Рыспеков
Аудандық мәслихат хатшысы Д. Жұмасейітов*

КЕЛІСІЛДІ:

*"Жаңаарқа ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы 3. Сердалинов*

2013 жылғы 14 ақпан